

#10

(946)

12 мамыр
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

«ЕР БАҚЫТЫ
ЕЛ ҚОЛЫНДА,
ЕЛ БАҚЫТЫ –
ЕРЛЕР ҚОЛЫНДА»

Б.МОМЫШҰЛЫ



✓ BRENT \$74.80

✓ USD 444.5 T

✓ EUR 489 T

✓ RUB 5,5 T

«БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНДА БАСҚАРУШЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ ӘЛЕМНІҢ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЕЛДЕГІ ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ТҰРАҚТЫ БОЛУЫНА ҮНЕМІ НАЗАР АУДАРЫП ОТЫР. БҰҒАН ҚОСА, ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІН КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ. ДІН ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БАСЫН ҚОСАТЫН ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІН ЛИДЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗИ АСТАНАДА ЖЕТІНШІ РЕТ ӨТКІЗІЛДІ».



Әбу-Дабиде өткен «Толеранттылық үшін дүниежүзілік үкіметтердің инкубаторы» форумында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі осылай деді.

Бұл басқосу мемлекеттер толеранттылық, қоғамдық келісім мен тұрақтылық үшін не істей алады, дискриминация мен төзімсіздікпен қалай күресеміз деген сұраққа жауап іздеді. Бірнеше елдің салалық ведомстволары қатысқан жиында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі сөз сөйледі.

«Өздеріңізге белгілі, ХХІ ғасырдағы әлем жұртшылығын дүрліктіріп отырған сын-қатерлерге тойтарыс беруде толеранттылық, адами бауырластық, татулық құндылықтары ерекше мәнге ие. Біз бұл қастерлі құндылықтың қадыр-қасиеті мен мән-маңызын күні кеше дүние жүзін әп-сәтте шарпып өткен коронавирус індеті кезінде байқадық деген ойдамын. Бір қоғамда өмір сүре отырып, жүріс-тұрысы шектеліп, виртуалды байланысқа түскен кезде, таныс та бейтаныс адамдар өзара түсіністік таныта отырып қана осы қиындықты еңсерді», – деді Дархан Қыдырәлі.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ:

ЕЛДІ БІРЛІККЕ ҮНДЕУДЕ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ РОЛІ ЗОР

Министр еліміздегі этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту үшін атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, толеранттылықты насихаттаудағы масс-медияның маңызы ерекше екенін атап өтті. «Медиада араздық тілінің қолданылмауын қадағалап, керісінше, елді бірлікке, татулыққа үндеу, халықты рухани жақындастыруда ақпарат құралдарының ролі зор. Бүгінгі конференция да осы мақсаттың орындалуына өз үлесін қосады деп сенемін және ұйымдастырушыларға алғыс айтамын», – деді Дархан Қыдырәлі.

Форумға Әмірліктің Толеранттылық және қатар өмір сүру министрі Нахаян бен Мұбарак Әл Нахаян қатысты.

Форум шеңберінде еліміздің Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен БАӘ Төлеранттылық және қатар өмір сүру министрлігі меморандумға

қол қойды. Меморандум қоғамдағы толеранттылық пен келісім құндылықтарын насихаттауды көздейді. Атап айтқанда, жастардың бойында толеранттылықты қалыптастыру; діни экстремизмге қарсы күрес; адами құндылықтарды ілгерілету мәселері бойынша бірлесіп жұмыс істеу жайы қаралған.

Форум аясында Дархан Қыдырәлі БАӘ Толеранттылық және қатар өмір сүру министрі Нахаян бен Мұбарак Әл Нахаянмен кездесті. Кездесу барысында Қазақстанның Біріккен Араб Әмірліктерімен қарым-қатынасы өте қарқынды дамып келе жатқаны және оларға қос мемлекеттің көшбасшылары арасындағы тығыз және сенімді қарым-қатынастар ерекше серпін беріп отырғаны айтылды.

Бұдан кейін Дархан Қыдырәлі Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен жүздесті. Ақсақалдар кеңесі – тәуелсіз халықаралық ұйым. 2014 жылы құрылған институт мұсылман қауымдастығына бейбітшілік пен келісім құндылықтарын насихаттайды. Дархан Қыдырәлі әріптесіне форумға шақырғаны үшін алғыс айтып, конфессияаралық келісім мен диалогты дамыту мәселелерінде халықаралық ұйымдар маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Алдағы уақытта елімізде ұйымның өкілдігін ашу жұмыстары талқыланып жатыр. Өз сөзінде Мұхаммед Әбделсалам Қазақстанның дінаралық және ұлтаралық қатынастағы жұмыстарына жоғары баға беріп, бұл салада ынтымақтастықты тереңдетуге ниетті екенін білдірді.

МИНБЕР

ЖЫЛ САЙЫН ЖАЗ КЕЗІНДЕ ҚАЛАЛАРДА БАСТАЛАТЫН ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫ КӨЛІКТЕРДІ КЕПТЕЛІСКЕ ТЫҒЫП, ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІ ӘБИГЕРГЕ САЛЫП ҚОЯТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ОСЫДАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛУҒА БОЛАДЫ? НЕГЕ ЖЫЛДАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ӘДІС ӨЗГЕРМЕЙДІ, ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР БАЙҚАЛМАЙДЫ? ӨЗГЕ ЕЛДЕР ҚАЛАЙ, ҚАЙТІП АМАЛДАЙДЫ ЕКЕН?

Іс жүзінде бәрі тапсырыс берушіге, яғни ұйымдастырушыға және орындаушыға, оның ниетіне, кәсіби біліктілігі мен іске жанашырлығына байланысты. Өйткені жолдың сапасы қала тұрғындары мен қонақтарының қалтасына да, жүйкесіне де әсер етеді. Шығын қашанғы халықтың шыдамы мен төзімі есебінен өтелуге тиіс? Ғылым мен техника дамыған заманда жол құрылысы стандарттарын қадағалап, цифрландыру орнына қаржыны сиқырландыру етек жайғанын тексеру-тергеу орындары әшкерелеп те, жазалап та жатыр. Бірақ бұл үрдіс тыйылар емес, әлі жалғасып келеді.

Жалпы өркениетті елдердің қала мәдениетінде жөндеу, реттеу, әрлеу, сәндеу жұмыстары адам аяғы басылғанда, көшеде көлік саны кемитін кезде, қозғалыс саябырситын түн мезгілінде тап-тұйнақтай етіп атқарылады. Олар ең әуелі көпшілікке қолайсыздық туғызбау мақсатын ұстанады. Сол үшін жұмысшыларға түнгі уақыт, демалыс, мереке күнгі еңбек тарифтері бойынша ақы төлейді. Жоспарланған учаскедегі жол қозғалысына мониторинг, зерттеу жүргізеді. Уақытты тиімді пайдалануға, жөндеу жұмысының сапасына мән береді.

Ал бізде, мамандардың айтуына қарағанда, керісінше, қаржыны ұқыпты жұмсаудан гөрі қатты үнемдеу, пайда көру пиғылымен қымқыру-жымқыру жағына көбірек алаңдайды.



ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҮЙКЕГЕ ТИМЕСІН!

Қалай болғанда да, климаттық, техникалық, басқа да қолдағы ресурстарды тиімді реттеу арқылы жолаушы мен жүргіншіге қолайсыздықты шектеуді немесе мейлінше азайтуды (мерзімін, сағатына дейін нақты көрсетіп) ойластырмаса болмайды. Өйткені онсыз да көп уақытын кептеліске зая кетіретін жолаушыға қала көшелерін жөндеу жұмыстарының жиі, кейде негізсіз жүргізілетіні әр түрлі сұрақтар туындатады.

Ал түн мезгілінде жол жөндеушілердің еңбекақысын екі есе, екі жарым есе төлеу, жарықпен, басқамен қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешуді сала мен қала басшылары ғана емес, қадағалаушы органдар шұғыл қолға алуға тиіс деп ойлаймыз.

Өйткені жалпы халықтың, кез келген адамның жолын бөгеуден, алтын уақытын жеуден ауыр күнә жоқ.


Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Сапасыз жасалған

жол жыл сайын жөндеуді қажет етеді және бұған мемлекеттің қаржысы тиімсіз жұмсалып жатыр. Үкіметке, әкімдер мен құқық қорғау органдарына жағдайды реттеу үшін жүйелі шаралар қабылдап, оның есебін беруді тапсырдым» деп жазғаны да бар. Қабылданған шаралардың есебін халық та естіп, нақты нәтижесін көргісі келеді.



ДАРХАН МЫЗБАЙ

ҚОШ БОЛ, КОРОНАВИРУС!



5 МАМЫРДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ COVID-19
ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫН
ХАБАРЛАДЫ.

ЕЛІМІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ КОРОНАВИРУСҚА
ҚАТЫСТЫ ӨЗ ЕСЕБІН ЖАРИЯ ЕТТІ.




КОРОНАВИРУСПЕН АУЫРҒАНДАР

КВИ + 1 441 000

КВИ - 91 000

Қайтыс болғандар 19 000



Ковидке

шалдыққандардың

99 ПАЙЫЗЫ

сауығып шықты

Дереккөзі: Денсаулық сақтау министрлігі



Пандемия жарияланған алғашқы күннен
Мекемеаралық комиссия құрылып,
2 МЫҢНАН астам шұғыл шешім
қабылданды

Бас санитарлық дәрігер
83 ҚАУЛЫ шығарды

16 МОДУЛЬДЫҚ
аурухана салынды

3 ИНФЕКЦИЯЛЫҚ
АУРУХАНА қайта жаңғыртылды

**63 АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ-
ЕМХАНАЛЫҚ** мекеме
пайдалануға берілді

3054 ЖЫЛЖЫМАЛЫ
мобильді бригада құрылды

57 МЫҢ МЕДИЦИНА
ҚЫЗМЕТКЕРГЕ 285 МЛРД
ТЕҢГЕ қосымша төлем төленді

ПАНДЕМИЯ 3 ЖЫЛ – 1 АЙ – 24 КҮНГЕ СОЗЫЛДЫ

Пандемия статусы ресми түрде алып тасталғанымен, ДДСҰ басшысы Тедрос Гебрейсус қуануға әлі ерте екенін ескертті. Оның айтуынша, мамырдың алғашқы аптасында COVID-19 үш минут сайын бір адамның өмірін жалмады. Мыңдаған адам өмір үшін арпалысып, миллиондаған адамның денсаулығы нашарлады.

«Вирус мутацияға ұшырап, ажал әкелуде», – деді Т.Гебрейсус.

Бірақ біз келешекке үмітпен қарайтын әдетімізбен «Қош бол, коронавирус!» дегіміз келеді.

**СОҢҒЫ ЕКІ АЙДАН
БЕРІ АНАДОЛЫНЫҢ
АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНДЕ
БАСТЫ ТАҚЫРЫП БІРЕУ.
ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛМЕН
АЙТҚАНДА – 14 MAYIS
SEÇİMLERİ (14 МАМАҒЫРДАҒЫ
САЙЛАУ). ТҮРІКТЕР СОЛ
КҮНІ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ
ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ
CUMHURBAŞKANI
(РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІ)
МЕН МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ
ҮШІН ДАУЫС БЕРЕДІ.**



ТҮРКИЯНЫҢ ТАҢДАУЫ

Беріспес бәсеке мен тегеурінді тартыс ең әуелі «болашақ мемлекет басшысы кім болады?» деген сауалға жауап іздейтіні белгілі. 11 азамат өз ниетін білдірген. Әрқайсысы 100 мың жақтасының қолын жинауы тиіс. Бұл талапты бәрі орындай алмады. Нәтижесінде Жоғары сайлау комиссиясы (YSK) 4 саясаткерді үміткер ретінде тіркеді. Олар - қазіргі президент, елдегі билеуші «Әділет және өркендеу» партиясының (АКР) жетекшісі Режеп Тайип Ердоған, оппозициялық Республикалық - Халықтық партиясының төрағасы Кемал Кылычдароғлу, «Мемлекет» партиясының көшбасшысы Мұһаррем Инже және «Ата» одағының атынан бақ сынайтын Синан Оған. Бұлардың барлығы Түркияға танымал. Дегенмен сайлаудағы саяси текетірес алғашқы екеудің арасында өтетін сияқты. Өйткені дауыс беруге үш күн қалғанда Мұһаррем Инже үміткерліктен бас тартатынын жария етті. Оппозиция өкілдерімен жұлдызы жараспай жүрген ол сайлау науқаны кезінде өзіне қарсы жөнсіз қаралау, аяқтан шалу сияқты әрекеттердің болғанын айтты.

Соңғы жиырма жылда экономика, ұлттық қорғаныс өнеркәсібі, энергетика, көлік логистикасы мен инфрақұрылым, ғылым және білім, медицина мен

туризм секілді көптеген салаларда жемісті реформа жасаған елдің жетістігі, сөз жоқ, Режеп Тайип Ердоғанның есімімен тікелей байланысты. Қара теңіздегі табиғи газ қорын игеру, атом электр стансасын салу, әскери ұшақ пен зымыран жүйесін қалыптастыру, TOGG отандық алғашқы электр автокөлігі. Түрік Республикасының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жүзеге асырылып жатқан осы жобалар импортқа тәуелділікті жояды немесе барынша азайтады. Қысқасы, бүгінгі Түркия үкіметті жеті жыл басқарған Сүлеймен Демирел айтатын «70 цент инвестицияға мұқтаж» немесе АЭС салуға 100 млн доллар таппай қалған кедей мемлекетке мүлде ұқсамайды.

Сыртқы байланыста бағындырған белес көп. Анадолы мен Атажұрттың (Қазақстан, Орталық Азия) арасы бұрынғыдан да жақындай түсті. Анкараның бітімгерлік саясаты өз жемісін беріп жатыр. Көршісі Сириямен татуласатын күн таяп қалды.

Ердоғанның басты қарсыласы да осал емес. Кемал Кылычдароғлу додаға билікпен сөзі жараспайтын жеті бірдей саяси ұйымның атынан түсіп отыр. Серіктері қай министрліктің тізгінін ұстайтынын жариялап тастады. Ол жеңіске жеткен жағдайда аттың басын Батыс пен НАТО-ға қарай мықтап бұратынын мәлімдеді. Содан ба екен, Америка мен Еуропадағы бәзбір басылымдар түрік оппозициясының сайлау науқанындағы үгіт-насихатына жан-жақты қолдау көрсетіп жатқан жайы бар.

Қазақ елі мемлекетіміздің тәуелсіздің алғашқы боп таныған бауырлас һәм тамырлас Түрік халқының әрдайым жасампаз жолмен өсіп-өркендегенін қалайды. Достығымыздың нығая беруіне мүдделі.

Алдағы жексенбіде төрткүл Түркия таңдауын жасайды.



СҒАЙЫЛ
СМҒАЙЫЛ

Әлеумет.т⁰

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ. ОСЫ АПТАДА МӘЖІЛІСТЕ ЭЛЕКТРСАМОКАТПЕН ЖОЛДА ЖҮРУ ТӘРТІБІН РЕТТЕЙТІН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТИІСТІ ЗАҢҒА ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ. НЕГІЗІ БҰЛ ЗАҢ ЖОБАСЫ ЕКІ ЖЫЛ БҰРЫН ӘЗІРЛЕНІП ҚОЙҒАН. БІРАҚ ЭЛЕКТРСАМОКАТҚА ҚАТЫСТЫ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ТЕК 2022 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНЫПТЫ. ЕНДІ, МІНЕ, ОН ШАҚТЫ АЙ ӨТКЕНДЕ ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛЫП МӘЖІЛІСТІҢ ҚАРАУЫНА КЕЛІП ЖЕТТІ. АДАМ ӨМІРІН САҚТАУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗЕТІН МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ЗАҢНЫҢ БАРЫНША ЖЫЛДАМ ҚАБЫЛДАНҒАНЫ ДҰРЫС ЕМЕС ПЕ?

Бір ғана Алматыны алайықшы. Биылғы жылдың алғашқы 4 айында электрсамокаттың қатысуымен 6 жол-көлік оқиғасы тіркелді. 6 адам жарақат алды. «Сол-ақ па?» деуге асықпаңыз. Қағып кете жаздап, стресс алғандар бұл статистикаға кірмейді. Жасыратын не бар, қазір көшеде кетіп бара жатып, «қай жағымнан келіп қалады» деп алақ-жұлақ етуге тура келеді бәрімізге!

Кешегі Мәжіліс отырысында депутат Екатерина Смышляева: «Кейінгі кезде көшеде жаңа көлік құралдарының, яғни электрсамокаттардың, гироскутерлер мен монодөңгелектердің пайда болғанын көріп жүрміз. Бізге азаматтардан жаңа көлік құралдарының жүрісін реттеу мәселелері бойынша өтініштер

үнемі түсіп жатады. Әсіресе, бұл жағдай мегаполистерге қатысты. Электр самокаттардың жолмен және тротуармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қауіп төндіріп жатыр», – деп тағы бір атап өтті.

Мәжіліс депутаттары электрсамокаттардың жүрісін реттеу бойынша алғашқы

аспайтын жылдамдықты кім және қалай анықтайды? Электрсамокатқа қандай да бір құрал орната ма? Халық қалаулыларының атынан Е.Смышляева бұған мынадай түсінік береді: «Шектеулерді қадағалау қиын (!). Бірақ мұндай жылдамдық шамамен жаяу жүргіншілер легінің жылдамдығына тең. Бұл жылдамдық сырттай көзбен шолып анықталады

ЭЛЕКТРСАМОКАТТЫ ШІДЕРЛЕЙТІН ЗАҢ ӘЛІ ДЕ ШИКІ



(?)». Оны кім «көзбен шолады»? Полиция?

Заң жобасында көрсетілгендей, электрсамокат айдаушыға жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде автобус жолағымен бір қатарда жүруіне жол беріледі. Бұл қалай? Жол ережесін сақтамайтын мопедшілер аз ба еді? Оның үстіне, бұл электрсамокат мінген адамның өзіне қауіпті емес пе?

Мәселен, өткен жылы Алматыда жол жиегіндегі автокөлік есігі ашылғанда, электрсамокатпен ызғытып келе жатқан бойжеткен соқтығысып, аяқ астынан опат болды.

Әлбетте, көліктің бұл түрі уақыт үнемдеу жағынан тиімді. Қалтаға да салмақ түсірмейді. Сондықтан Париждегі сияқты мүлде тыйым салу туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Дегенмен тиісті заңға өзгеріс енгізбес бұрын, әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Әсіресе, автобус жолағымен жүру, жылдамдықты реттеу жағынан.

түзетулер топтамасын ұсынды. Жобаға сәйкес, электрсамокат көлік құралы деп танылады. Жүру жылдамдығы сағатына 25 шақырымға дейінгі көлік құралдары электрсамокат санатына жатады. Велосипед жолдары және жол жиектерінде шектеусіз жүре алады. Жаяу жүргінші жолында сағатына 6 шақырымнан аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі. Халық қалаулылары мұны ең қолайлы шешім деп тауыпты.

Осы арада мынадай бір сауал туындайды: 6 шақырымнан

Бұл классик Б.Соқпақбаевтың («Өлгендер қайтып келмейді» кітабының авторы) сөзін жоққа шығару емес. Расында, қан майданда қаза тауып, із-түссіз кеткен боздақтар қазақ топырағына тура мағынасында қайта оралып жатыр. Сұм соғыстан бері сексен жылдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге қескілескен ұрыстар жүрген майдан даласындағы қазба жұмыстары барысында қазақ сарбаздарының көмусіз қалған денелері



ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛЕДІ

табылуда. Сол боздақтардың аты-жөндерін (медальондары, хаттары, архив құжаттары т.б. арқылы) анықтап, кіндігінен тараған ұрпақтарын немесе туған-туыстарын тауып, арнайы әскери ұшақпен елге жеткізіп, жауынгерлік құрметпен жер қойнына тапсыру – бір үлкен

1939 – 1945 ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАННАН
МАЙДАНҒА
1 366 000
ЖАУЫНГЕР АТТАНДЫ

жұмыс, сауапты іс. Ресми мәлімет бойынша, Қазақстаннан майданға аттанған 1,5 млн-нан астам отандасымыздың 600 мыңы қайтып оралған жоқ. Олардың 271 мыңнан астамы мүлде із-түссіз кеткен.

«Өлі риза болмай тірі байымайды» дейді. 2019 жылы құрылған «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің миссиясын осы бір ауыз сөзбен бейнелеуге болатын сияқты. Егер таратып айтсақ, Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде хабар-ошарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлердің жерленген орындарын анықтау және олардың есімдерін мәңгі сақтау мақсатында іздеу, мұрағаттық-ізвестіру жұмыстарымен жүйелі түрде айналысатын үкіметтік емес, коммерциялық емес еліміздегі жалғыз ұйым. «Atamnyn Amanaty» ҚБ төрағасы Мұрат Молдағалиев былай дейді: «Осы



АТАМНЫҢ АМАНАТЫ



271 503
БОЗДАҚ
ХАБАР-ОШАРСЫЗ
КЕТТІ

уақытқа дейін бізге хабар-ошарсыз кеткен майдангерлерді іздестіру жөнінде 6000 астам өтініш келіп түсті және бірлестіктің іздестіру тобының арқасында 2200-ге жуық қазақстандық солдаттардың жерленген орындары анықталды. Тоғыз адамнан тұратын «Атамның аманаты» іздестіру (волонтерлар) тобы ай сайын әлі күнге дейін із-түзсіз жоғалып кеткен деп саналатын 70 солдат пен офицер туралы мәліметтерді іздеп-тауып, туыстары мен ұрпақтарына табыс етті. Қазақстанның әр аймағында 140-тан астам еріктілеріміз жұмыс істейді. Облыстардың және Алматы, Шымкент, Астана қалаларының ішкі саясат басқару органдарымен, Жастар саясаты ұйымдарымен бірлескен іс-шаралардың жоспары жасалды. Халықаралық ынтымақтастық туралы 50-ден астам келісімге қол қойылып, нақты жұмыстар атқарылуда.

Майдан даласында қаза тапқан 14 жерлесіміздің сүйегі туған жеріне жеткізіліп, үлкен құрметпен жерленді. Жас ұрпақ бойында жоғары патриоттық рухты, Отанға деген адалдық сезімін, азаматтық борышын өтеуге дайындықты қалыптастыру мақсатында «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі бірқатар халықаралық, республикалық және облыстық іс-шаралар өткізуде (#atamnynamanaty 75 челленджі, «Жеңіс бағы», «Өткенге хат» байқауы, «Сөнбесін, ана, шырағың...» акциясы және т.б.).

Алтынбек Қоразбаевтың әйгілі «Қара кемпір» әні естеріңізде болар. Қос құлынын соғыстан қырық жыл бойы күткен ән кейіпкері Қали апа өмірде болған адам. Кейін Қали апаға ескерткіш те орнатылды. Ол әлі күнге дейін батысқа қарап, таяғына сүйене ұлдарын күтіп тұр... Енді соғыстан қайтпай қалған сол ұлдардың ұрпағының өзі ата-әже болды. Олар да әлі күнге әкелері туралы бір хабар күтеді. Мысалы, қазір 80-нен асқан Мәдениет әже әкесі Хамен майданға аттанғанда небәрі 3 жаста екен. Бейнесі есінде жоқ, қолында тек суреті қалған әкесінен жылдар бойы үмітін

үзбеген. Ең болмаса жерленген жері табылса, басына барып, қабіріне бір уыс топырақ салсам ғой деген арманы «Atamnyn Amanaty» еріктілерінің арқасында орындалды. Іздестіру жұмыстарының нәтижесінде белгілі болғандай, Хамен Жұманұлы Ржев түбіндегі шайқаста қаза тауыпты. «Пионер» іздестіру тобы қазақ жауынгерінің сүйегін медальонынан анықтаған. Бір жерден табылған үш сарбаздың екеуінің аты-жөні белгілі. Бірі Хамен Жұманұлы болса, екіншісі Төлеубай Жұмабекұлы, үшінші жауынгердің есімі жұмбақ күйде қалды. Олардың

ӨЛГЕНДЕР

сүйегін елге әкелген соң Мәдениет әже ата салтымен әкесін үйіне бір күн түнетіп, үшеуін бөле-жармай қатар жерледі. Есімдерін ескерткіш тасқа қашап жазған бейіт басынан Мәдениет әжені жиі көруге болады...

Кеше ғана Астана түбіндегі Төңкеріс ауылында майдангерлерге ескерткіш ашылды. Оған сол соғысқа осы ауылдан аттанған азаматтардың аты-жөндері қашап жазылған. Жергілікті кәсіпкер осылайша жерлестерінің есімін мәңгі есте қалдыруды жөн көріпті. Стела өскелең ұрпақ ерлер есімін күнде оқып, жадында тұтсын деген мақсатпен ауыл мектебінің дәл алдына орнатылды. Ескерткіш ашылмас бұрын «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің іздестіру тобы Төңкеріс ауылынан майданға аттанғандардың жеке тұлғаларын, жерленген жерлерін анықтау бойынша үлкен жұмыс атқарды. Іздестіру тобының мүшесі Гүлнар Қанафина бұл жұмысқа бірден үлкен ықыласпен кіріскенін айтады:

АТАМНЫҢ АМАНАТЫ

«Іздестіруді РФ қорғаныс министрлігі орталық архивінің «Память народа» және жинақталған деректер банкінің «Мемориал» сайттары арқылы жүргіздім. Сонымен қатар Википедиядағы мақалалар, Soldat.ru сайтындағы анықтамалықтар және ресейлік іздестіру форумдарындағы ақпараттарды пайдаландым. Іздестіруге қосымша мәліметтердің: әкесінің, атасының аты мен тегі, әйелінің/шешесінің аты-жөні, балаларының бар-жоғы, соғысқа дейінгі қызмет түрі, қай жерде және ол шақырылған кезде және т.б. жоқтығы кедергі келтірді. Үш



ҚАЙТЫП КЕЛЕДІ

күнге созылған іздестіру жұмыстары ақыры сәтті аяқталды. Барлығы 14 сарбаздың жерленген жерлері анықталды, олар Польша, Украина, Беларусь және Ресей аумағындағы

бауырластар зиратында жатыр. Қалған адамдарды да іздестіру РФ қорғаныс министрлігі орталық архивіндегі деректердің жаңартылуына орай жалғасатын болады. Жоғарыда сөз болған 69 майдангердің басым көпшілігі ерлігі мен қаһармандығы үшін «Қызыл Жұлдыз», «Даңқ» жауынгерлік ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік

еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған екен. Бір сөзбен айтқанда, алақандай Төңкеріс ауылының балалары өздерінің батыр бабаларымен мақтана алады. Осындай жүректі шымырлатар оқиғалар мен қилы тағдырлар жиі кездеседі. Жаз шыға, жер қарайғасын «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің еріктілер мен әскери-техникалық мектептің курсанттарынан тұратын іздестіру тобы Ресейдің Калуга облысына аттанады. Онда майдан даласында қазба жұмыстарын жүргізіп, хабар-ошарсыз кеткен жерлестерін іздейді. Осы облыстың Ульяновск ауданында Қазақстанда жасақталған 312-ші атқыштар дивизиясы шайқасқан. Олай болса, әлі талай боздақтардың есімдері белгілі болып, олар қаншама жылдар өткеніне қарамастан елге оралады деген үміттеміз.

Мұрат Молдағалиевтің айтуынша, алдағы қыркүйек айында Калуга облысына барып, сол қиян-кескі шайқастар өткен жерге ескерткіш-белгі орнату жоспарда бар көрінеді. Әлбетте, бұл тірілерге керек, болашақ ұрпақ жадында тұту үшін.

600
МЫҢҒА ЖУЫҚ
ЖАУЫНГЕР ҚАЗА ТАПТЫ



СӨЗТҮЗЕР

**ЖАРТЫ
АРАЛ****МЫСАЛ:**

Маңғыстауды өлі жарты арал, шөл дала, қатал өлке деп айтып та, жазып та жатады.

Жарты арал – орыс тіліндегі *полуостров* деген география терминінің тікелей аудару арқылы пайда болған калька



атау. Терминнің бұрыннан бар қазақша атауы – *түбек*. Орысша-қазақша сөздікте «*полуостров* – *түбек*» деп беріледі. Ендеше жаңадан жасанды атау жасауға, оны қолданысқа енгізуге еш қажеттілік жоқ.

ДҰРЫСЫ: *түбек* сөзін қолдану керек

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар
сөздігінен

Қазақстанда 30 ЖЫЛ



Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап “Шеврон” прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда “Шеврон” Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

**the
human
energy
company** 

**Бас редактор —
директор**

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)